

07–11 Қыркүйек, 2020

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE 2020 жылдың тамыз айындағы биржалық нарықтың жұмыс нәтижелеріне арналған БАҚ үшін онлайн медиа-брифинг [өткізді](#).
- ▲ Маркет-мейкерлер қызметінің ережелеріне енгізілген түзетулер қолданысқа [енгізілді](#).
- ▲ KASE сауда-саттық жүйесінде және мәліметтер базасында "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық ұйымы АҚ KZ2C00004356 (KZIKb28) облигациялары бойынша айналым мерзімі туралы ақпарат [өзгертілді](#).
- ▲ "CHINATOWN" АҚ KZ1C00000629 (CAHO) облигациялары KASE "Бейлистингілік бағалы қағаздар" секторында айналымға жіберілген бағалы қағаздар тізімінен [шығарылды](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасында "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00006948 (KFUSb2) облигацияларымен сауда-саттық [ашық](#).


ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ Қазақстан қор биржасында "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00006948 (KFUSb2) облигациясын жылдық 10,8875 % - бен орналастырып, 6,7 млрд теңге [қаржы тартты](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасында 14 қыркүйекте "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00006955 (KFUSb3) облигациясын жылдық 11,2414 %-бен орналастырып, 6,3 млрд теңге [қаржы тартты](#).
- ▲ "Ауыл шаруашылығына қолдау көрсету қоры" АҚ өзінің жай акциялары бойынша 2019 жылға дивиденд төлегені туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Хоум Кредит энд Финанс Банк" АҚ өзінің жай акциялары бойынша 2019 жылға дивиденд төлегені туралы [хабарлады](#).
- ▲ Tethys Petroleum Limited компаниясы өзінің қызметі туралы жаңартылған ақпарат [ұсынды](#).




KASE Индексі апта қорытындысы бойынша 0,4% төмендеп, 2 467,55 нүктені құрады. Индекстік акциялар арасындағы мәміленің ең көп саны «Халық банкінің» жай акцияларымен жүргізілді – 583 мәміле. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі Kcell қағаздарына келді – 4,4 млрд теңге (бір аптада жалпы көлемінен 89,7%).

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



11.09.2020

Трендтер (%)

KASE Индексі	2 467,55	0,2	1,7
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
Аэрофлот	469,7	2,1	-1,4
НАК Казатомпром	6 340,0	1,9	7,7
Казхателеком, прив. акци	12 450,0	1,2	-0,4
КазТрансОйл	819,9	1,0	4,1
Народный банк	119,5	0,5	4,9
Freedom Holding Corp.	10 847,0	0,4	15,0
KEGOC	1 709,0	0,1	0,4
Kcell	2 525,0	0,1	-0,2
Банк ВТБ	0,2	0,0	-4,8
Банк ЦентрКредит	227,5	-0,3	-0,4
Сбербанк	1 260,0	-0,6	-3,4
KAZ Minerals	2 990,0	-0,7	-2,4
Казхателеком	25 800,0	-0,8	-3,3
Газпром	1 004,0	-1,8	-12,5
Bank of America Corporation	10 895,3	-4,1	-2,9

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Қор нарығының оқшауланған индикаторы сыртқы нарықтың жағымсыз динамикасы аясында апта қорытындысы бойынша минуспен жабылады (бір аптада шолуды жазу сәтінде SP500 2,6% жоғалтты, MOEX -0,5%, MSCI -1,3%). Пять из восьми акций KASE Индексінің сегіз акцияларының бесеуі қызыл аймақта жабылды.

KAZ Minerals жай акциялары қатты төмендеп, 2,6% дейін арзандап, 2 990,00 теңгені құрады. Экономиканы қалпына келтіру қарқынына қатысты нарықтың жалпы қобалжуы және тамыз айында мұнай қоймаларында қордың таусыла бастауы аясында, мыстың баға белгілеуіне әсер етті, өзімен бірге KAZ Minerals қағаздарын да ала кетті. Лондон қор биржасында (LSE) мыс өндіру компаниясының акциясы KASE сауда-саттық жабылу сәтінде бір акцияға Ұлттық банктің ресми бағамы бойынша 11 қыркүйекте 572,20 британ пенсі немесе 3 171,99 теңгені құрады.


Өсім көшбасшысы болып «Халық банктің» жай акциялары болды, олардың бағасы 1,7% өсіп, 119,49 теңгені құрады. Теңгенің әлсіреуіне қарамастан, жергілікті нарықта Halyk Bank акциялары неғұрлым өтімді алаңмен – LSE бағасын теңестіруге тырысты. LSE -де банктің ЖДҚ KASE сауда-саттық жабылу сәтінде \$11,38 деңгейінде саудаланды, ол Ұлттық Банктің 11 қыркүйектегі ресми бағамы бойынша 121,10 теңгеге балама болады.

Осы аптада, 07 қыркүйекке белгіленген «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы кворум болмағандықтан, 2020 жылдың 11 қыркүйегіне ауыстырылғандығын ескертеміз. Акция телекоммуникациялық компанияның акциялары бір аптада 1,3% арзандап, 25 800,00 теңгені құрады.


Дүйсенбі күні Қазақстан Ұлттық банкінің жиналысында базалық мөлшерлемені жылдық 9% пайыздық дәлізі +/- 1,5 б.н. деңгейінде сақтауға шешім қабылданды. Хабарламада аталмыш шешім қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада инфляция тәуекелін ескере отырып, қабылданғаны ескеріледі.

Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 15 б.н. артып, жылдық 8,00% деңгейін құрады. АҚШ доллары кепілдігімен теңгені қарызға алу мөлшерлемесі 10 б.н азайып, жылдық 8,10% құрады. Бір күндік теңге өтімділігінің орташа көлемі бір аптада 138,2 млрд теңгені (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке -16,7%) құрады.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



Основные параметры размещения нот НБРК



Тәуекелсіз қысққ кірістілігі






Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 5,53 теңгеге қымбаттап, 426,29 теңгені құрады. Ағымдағы аптада валютаға сұраным артты. Аптада сауда-саттықтың жиынтық көлемі \$649,8 млн (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке +62,7%) өсті. АҚШ долларын сату және сатып алу бойынша мәміленің жалпы көлемі 2 892 (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке +1 351) құрады. Максималды бағасы бір долларға 426,70 теңге, минималды – 422,00 теңге.

Теңге АҚШ долларына қатысты мұнай баға белгілеулері аясында 1,3% жоғалтты. Brent маркалы мұнайдың қараша айындағы фьючерсі Нұр-Сұлтан қаласында сағат 15:00-де бір баррельге \$39,93 теңгеден саудаланды, солайша аптаны 6%-ға төмендеумен аяқтауға тәуекел етті. Мұнай Америка мұнай институтының (API) апта сайынғы мәліметтері аясында арзандады, соған орай АҚШ-тағы қара алтын қоры күтпеген жерден өткен аптада 3 млн баррельге өсті. Сондай-ақ осы аптада нарыққа қысымды Азия елдеріндегі – әсіресе Қытайда – және жанармайға және мұнайға сұраным төмендігі туралы жаңалықтар көрсетті. Сонымен қатар, трейдерлер коронавирус жұқтыру жағдайының өсуіне мониторинг жасап, Вашингтон мен Пекин арасындағы жағдайдың ушығуын қадағалау жасап отыр.

Ресей рубілінің құны 0,0709 теңгеге дейін өсіп, 5,6800 теңгені құрады. Сауда-саттықтың жиынтық көлемі 79,5 млн рубльді құрады (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке +12,5%). Еуро теңгеге қарағанда 5,77теңгеге қымбаттап, 504,02 теңгені құрады. Сауда-саттықтың жиынтық көлемі 410,0 мың еуроны құрады (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке -59,0%). Қытай юаньі 0,9026 теңгеге қымбаттап, 62,3845 теңгені құрады. Сауда-саттықтың жиынтық көлемі 29,7 млн юаньді құрады (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке -11,9%).

Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.20)




Бағасы Δ 7к, % Δ 30к, % Δ 2020, %

— GBPKZT	554,35	-0,7	1,3	10,9
— USDKZT	425,67	1,3	1,8	11,7
— EURKZT	503,82	1,4	2,3	18,0
— CNYKZT	62,23	1,2	3,4	14,1
— RUBKZT	5,65	1,4	-1,6	-8,4

Brent мұнай құны

75 USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

11.09.2020

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к	Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж
S&P 500	3 340,97	-2,5	-1,2	11,0	-2,8	Мұнай	39,83	-5,2	-12,3	-34,0
Dow Jones	27 665,64	-1,7	-1,1	1,8	-2,1		37,33	-6,1	-12,5	-32,2
PTC	1 223,05	0,4	-6,4	-10,1	-0,1	Табиғи газ	2,27	-12,3	5,4	-11,8
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-0,1	Мыс	303,40	-0,4	4,9	15,6
Hang Seng	24 503,31	-0,4	-2,9	-9,5	-0,9	Темір	941,00	-2,3	9,0	12,6
SS CSI 300	4 627,28	-0,9	-0,4	16,5	-2,9	Алтын	1 940,55	0,6	-0,3	29,5
Euro Stoxx 50	3 315,81	0,1	-1,4	-6,3	2,3	Күміс	26,74	0,6	2,9	48,2
FTSEuroFirst	3 626,00	-0,1	-3,0	-13,9	1,4	Астық	533,75	-1,1	8,7	9,9
FTSE 100	6 032,09	1,6	-3,9	-17,9	4,5					
KASE	2 467,55	0,2	1,7	12,7						

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

15.09	Өндірістік кәсіпорын көлемі (ж/ж) (тамыз)	CNY	5,1%	4,8%
16.09	Шикі мұнай қоры	USD		2,032M
16.09	ФРС пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім	USD	0,25%	0,25%
17.09	Тұтыну бағасы индексі ((ж/ж) (тамыз)	EUR	-0,2%	-0,2%
17.09	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (қыркүйек)	GBP	0,10%	0,10%
17.09	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінім саны	USD	850K	884K
18.09	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (қыркүйек)	RUB	4,00%	4,25%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

B – миллиард
M – миллион
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

Жыл басына

Жылдық инфляция	7,0%	01.08.20	5,3 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	31 561	01.06.20	30 927
Қаржы базасы, млрд KZT	8 428,3	01.06.20	5 995,7
Қаржы массасы, млрд KZT	22 438,2	01.06.20	20 813,4

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг

Күні

Алдыңғы

S&P Global	BBB- тұрақты	27.03.20	BBB- тұрақты
MOODY'S	Baa3 позитивті	22.08.19	Baa3 тұрақты
FitchRatings	BBB тұрақты	21.08.20	BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: 8 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.